

**«Б.Хайдаров атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ**  
**Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**  
**Хаттама № 3**

**Жаңатілек ауылы**

**«11» желтоқсан 2020 жыл**

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Аз қамтылған отбасы балаларын тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.
2. Мүмкіндігі шектеулі, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының балаларына жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру

**Қатысқандар:** Мектеп директоры, қамқоршылық кеңесі мүшелері

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша** мектеп директоры К.А.Бекбаулова сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ішінде тәрбиеге жат қылықтар жасайтын балалардың жоқ екендігін хабардар етті. Қамқоршылар кеңесінің мүшесі С.Шоланова өз сөзінде «Ата - анадан өсіп тараған, Жақсы - жаман болса да бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата - ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналарға байланысты. Сондықтан әрбір ата - ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл - қыздарымыз болашақта ата - анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді білімді азамат болады деп сенемін.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы Б.Искаков жаңа жылдық мерекенің өзектілігіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесінде оқушыларға қуаныш сыйлайтындай өткізу керектігін айтты. Мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған отбасы балаларын жаңа жылдық сыйлықтар тарату керектігін айтты.

**Шешім:**

- Аз қамтылған отбасы балаларына баса назар аударылсын.
- Жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Т.Искаков**  
**Хатшы Д.Д.Манзулова**